

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 шілдедегі N 655 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі

кемсітушілік емес негізде бір Тарап инвесторларының екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы инвестицияларын қорғау қажеттілігін тани отырып;

бір Тараптың екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы жеке және заңды тұлғаларының инвестициялар саласындағы экономикалық ынтымақтастығын кеңейтуге жәрдемдесуге ниет білдіре отырып;

осы Келісімнің шеңберінде инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау осы саладағы іскерлік бастамаларды ынталандыратынын мойындай отырып;

инвестициялар үшін тұрақты негіз экономикалық ресурстарды барынша тиімді пайдалануды ұлғайтуға және өмір деңгейін жақсартуға үлес қосатынына келісе отырып ;

бұл мақсаттарға денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды

әлсірететін жалпы қолдану шараларынсыз қол жеткізуге болатынын тани отырып; мына төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Айқындамалар

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер мыналарды білдіреді:

1. "Инвестициялар" - бір Тарап инвесторының екінші Тараптың аумағында соңғысының мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес экономикалық қызметіне байланысты инвестицияланатын активтердің барлық түрлері және ол атап айтқанда, бірақ айрықша емес мыналарды:

(а) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті немесе жалға алу, ипотека, кепілдік құқық және салымдар сияқты кез келген мүліктік құқықтарды;

(б) үлестер, акциялар, борыштық міндеттемелер және компаниялардағы қатысудың кез келген басқа да нысандарын;

(с) ақша талаптарын немесе келісім-шартқа сәйкес инвестициялармен немесе қайта инвестициялау кірістерімен байланысты орындау талаптарын;

(д) авторлық құқықтарды, сауда маркаларын, патенттерді, өнеркәсіптік үлгілер мен техникалық үдерістерді, ноу-хауды, сауда атауларын және гуд-виллді қоса алғанда, зияткерлік меншік құқығын;

(е) табиғи ресурстарды іздеуге, игеруге, алуға немесе пайдалануға арналған концессияны қоса алғанда, заңға сәйкес немесе шартқа сай берілген іскерлік концессияларды қамтуы мүмкін.

Өз аумағында инвестицияларды қабылдайтын мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізілген инвестициялар нысанының кез келген өзгерісі оларды инвестициялар ретінде айқындауға әсер етпейді.

2. "Инвестор" - бір Тараптың екінші Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды соңғы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес жүзеге асыратын субъектісі, және мыналарды қамтиды:

(а) кез келген Тараптың азаматы болып табылатын кез келген жеке тұлға;

(б) өз Тарабы мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес құрылған және тіркелген әрі инвестицияларды жүзеге асыруға өкілетті кез келген заңды тұлға;

3. "Кірістер" - пайданы, пайыздарды, дивидендтерді, роялтиді, лицензиялық сыйақыларды және басқа да төлемдерді қоса алғанда, инвестицияларды жүзеге асырудың нәтижесінде алынған қаражат.

4. "Аумақ" - тиісті Тарап мемлекетінің халықаралық құқық нормаларына сәйкес егемендігін жүзеге асыратын және өзінің заңи құқығын тарататын құрлықты, суды, жер қойнауын және әуе кеңістігін қоса алғанда, құрлықтағы, теңіздегі және әуе шекаралары шегіндегі Тараптардың бірі мемлекетінің аумағы.

5. "Гуд-вилл" - компаниялардың, фирмалардың материалдық өлшемге жатпайтын активтерін білдіреді, мысалы, бедел, ықпал, байланыстар және өзгелері.

6. "Реституция" - шартты жарамсыз деп таныған жағдайда шарт бойынша алынған мүлікті екінші тарапқа қайтару құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қолданылған ережені қалпына келтіру.

2 - б а п

Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Әрбір Тарап өз аумағында екінші Тарап инвесторларының инвестицияларын көтермелейді және олар үшін қолайлы жағдайлар туғызады, әрі өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес, мұндай инвестицияларға рұқсат береді.

2. Әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағында екінші Тараптың инвесторларының инвестицияларына және инвестициядан түсетін табыстарын әділ және тең құқықты айналымды, сондай-ақ толық, тұрақты қорғау мен қауіпсіздікті ұсынатын болады.

3. Тараптардың бірде бірі өз мемлекетінің аумағында негізсіз және кемсітушілік немесе еркін шаралармен екінші Тараптың инвесторларына инвестицияларды ұлғайтуға, басқаруға сақтауға пайдалануға, иелік етуге, сатуға немесе басқаша билік етуге кедергі жасамайды.

3 - б а п

Құқықтық режим

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың инвесторлары мен олардың инвестицияларына және инвестициядан түсетін кірістеріне ұлттық инвесторларға не үшінші тараптың инвесторларына және олардың инвестицияларына оны кеңейтуге, басқаруға, қолдауға, пайдалануға, иеленуге, сатуға немесе инвестицияларға басқадай етуге қатысты, ұсынатын режимінен қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. Әрбір Тарап екінші Тараптың инвесторлары мен олардың инвестицияларына және инвестициядан түсетін кірістеріне осы баптың 1-тармағында ескерілгеннен барынша қолайлы болып табылатын режим ұсынады.

3. Осы Келісімнің әрбір Тарабы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес инвесторлардың қызметі шектелетін немесе жоққа шығарылатын қызмет саласын, аясын және түрлер белгілеу, сондай-ақ осы баптың 1-тармағында құқығын өзіне қалдырады.

4 - б а п

Босату

Осы Келісімнің ережелері Тарапта екінші Тараптың инвесторларына және олардың инвестициялары мен инвестициядан түсетін кірістеріне мыналардың нәтижесі болып табылатын кез келген режимнің, преференцияның немесе артықшылықтың қазіргі немесе болашақтағы пайдасын беруге міндеттейтін ретінде түсіндірілуге тиіс емес:

(а) еркін сауда, кеден одағы, валюталық одақ, ортақ нарық және кез келген Тараптың мемлекеті қатысушысы болып табылатын және осындай одақтар мен ұқсас

(b) екінші Тараптың күштерімен немесе билігімен инвестицияларды немесе оның бөлігін жағдайдың қажеттілігімен талап етілмеген бұзу салдарынан шығынға ұшыраған Тараптың кез келген инвесторына соңғы Тарап кез келген жағдайда жедел, барабар және тиімді болуы тиіс реституция немесе өтемақы беруі тиіс. Бұл ретте өтем 5-баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

7 - б а п

Аударымдар

1. Әрбір Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес екінші Тараптың инвесторларына олардың инвестицияларын және инвестицияларға жатқызылған аударылатын төлемдерді өз аумағына және одан аударуды қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай төлемдер атап айтқанда, бірақ айрықша емес, мыналарды:

(a) салымды қолдау немесе ұлғайту үшін бастапқы капитал және қосымша соманы;

(b) к і р і с т е р д і ;

(c) инвестицияларды толық немесе ішінара сатудан түскен түсімді;

(d) несие төлемін қоса алғанда, келісім-шартқа сәйкес жүзеге асырылатын төлемдерді ;

(e) 5 және 6-баптарға сәйкес төленетін өтемақыны;

(f) даулардан туындайтын төлемдерді;

(g) шетелден жалға алынған және инвестициялармен байланысты жұмыс істейтін персоналдың жалақысы мен басқа да сыйақыларын қамтуға тиіс.

2. Әрбір Тарап осы баптың 1-тармағында аталған аударымды мемлекеттің аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тараптың аудару күнінде қолданыстағы нарықтық валюталық бағамы бойынша еркін айырбасталатын валютада жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

3. Шетел валютасы үшін айырбастау нарығы болмаған кезде қолданылатын болған Халықаралық валюта қорының Арнайы қарыз алу құқықтарына валюта аударуға арналған соңғы айырбас бағамы болуға тиіс.

4. Кез келген Тарап осы баптың 1, 2 және 3-тармақтары үшін залалсыз мыналарға:

(a) банкроттыққа, төлем қабілетсіздігіне немесе кредиторлардың құқығын қорғауға;

(b) бағалы қағаздарды және туынды қаржы құралдарын шығаруға, саудалауға және олармен жасалатын операцияларға;

(c) құқық бұзушылықтарға ;

(d) заңды жүзеге асыруға немесе қаржылық бақылау органына жәрдемдесу қажет болғанда қаржылық есептілік немесе аударымдардың есебін жүргізуге;

(e) сот немесе әкімшілік процестерде бұйрықтарды немесе сот шешімдерін орындауды қамтамасыз етуге ;

(f) салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлемеуге қатысты өз мемлекетінің заңнамасын әділ, кемсітушіліксіз және адал қолдану арқылы аударымды шектей алады.

8 - б а п

Суброгация

Егер Тарап немесе оның уәкілетті органы екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы инвестордың инвестицияларына қатысты орнын толтыру, кепілдік немесе сақтандыру келісім-шартына сәйкес төлемдерді жүзеге асыратын болса, соңғы Тарап осындай шарада және олардың алғы бастаушысы сияқты кез келген құқықтар мен талаптар суброгацияларға байланысты жүзеге асыру үшін бірінші Тарапқа мұндай инвестордың кез келген құқықтары мен талаптарына көшуін тануы тиіс.

9 - б а п

Инвестор мен Тарап арасындағы даулар

1. Бір Тарап және екінші Тараптың инвесторлары арасындағы тікелей инвестициялардан туындаған кез келген дау мүмкіндігі бойынша екі тарап арасында достық рәмізде шешілуі тиіс.

2. Егер дау ол жазбаша нысанда туындаған күнінен бастап 3 ай ішінде шешілмесе, дау инвестордың немесе тараптардың бірінің таңдауы бойынша мыналардың қарауына жіберілуі мүмкін:

(a) мемлекетінің аумағында инвестиция жүзеге асырылатын Тараптардың құзыретті соттарының, немесе

(b) егер бұған қол жетерлік болса, Вашингтон қаласында 1965 жылғы 18 наурызда қол қою үшін ашылған Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғалары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы конвенцияға (бұдан әрі - Конвенция) сәйкес құрылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың (бұдан әрі - Халықаралық Орталық) төрелігіне, немесе

(c) егер тек бір Тарап осы тармақтың b) тармақшасында көрсетілген Конвенцияға қатысушы тарап болып табылса, Халықаралық Орталықтың қосымша қызмет көрсетуіне сай төрелікке; немесе

(d) дауда тараптармен өзгедей келісілмесе, кез-келген "ad hoc" төрелік соты Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының төрелік (ЮНСИТРАЛ) ережелеріне сәйкес құрылады.

3. Дауды ұлттық соттың қарауына жіберген инвестор, егер ұлттық соттың қарау мәні бойынша шешім шығарғанға дейін инвестор ұлттық сот рәсімдері баптың 2-тармағы (b) тармақшасында немесе 2-тармақтың (c) тармақшасында айтылған төрелік трибуналдардың біріне жүгіне алады.

4. Кез келген Төрелік осы бапқа сәйкес дауда кез келген Тараптың өтініші бойынша Нью-Йоркте 1958 жылғы 10 маусымда қабылдаған шетел төрелік шешімдерін тану және орындауға келтіру туралы конвенция (бұдан әрі - Нью-Йорк конвенциясы) тарапы болып табылатын мемлекетте жүргізілуі тиіс. Осы бапқа сай төрелікте ұсынылған талаптар Нью-Йорк конвенциясының 1-бабының мақсаттары үшін коммерциялық (сауда) қатынастарынан немесе шарттардан туындаған ретінде қарастыруы тиіс.

5. Әрбір Тарап осы бапқа сәйкес төрелікте олар және басқа Тараптың инвесторы арасындағы дауларды ұсынуға өздерінің сөзсіз келісімдерін береді.

6. Даудың қатысушысы болып табылатын Тараптардың бірде бірі төрелік рәсімнің кез келген сатысына немесе төрелік шешімдерді орындауға қарсылық білдіре алмайды немесе дауда тарап болып табылатын инвестор сақтандыру күшінің бөлігін немесе барлық шығындарын жабатын өтемді алған фактісін көрсете алмайды.

7. Шешім даудағы тараптар үшін түпкілікті және міндетті болуы тиіс және сол шешім Тараптардың құзыретті органы жүзеге асырылатын аумақтағы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес орындалуы тиіс.

1 0 - б а п

Тараптар арасындағы дауларды шешу

1. Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мүмкіндігінше келіссөздер және консультациялар жолымен шешіледі.

2. Егер дау мұндай келіссөздерді кез келген Тарап жазбаша нысанда сұратқан күннен бастап алты (6) ай ішінде осындай түрде шешілмесе, ол кез келген Тараптың өтініші бойынша төрелік соттың қарауына ұсынылуы тиіс.

3. Төрелік сот әрбір жеке іс үшін мынадай түрде құрылуы тиіс. Төрелік туралы өтінішті алғаннан кейін екі (2) ай ішінде әрбір Тарап Соттың бір мүшесін тағайындайды. Содан соң осы екі мүше үшінші елдің азаматы болып табылатын Төрағаны сайлауы тиіс, олар Тараптар мақұлдағаннан кейін екі басқа мүшені тағайындаған күннен бастап төрт (4) ай ішінде тағайындалуы тиіс.

4. Егер қажетті тағайындалулар осы баптың 3-тармағында айқындалған кезең ішінде жасалмаса, кез келген Тарап БҰҰ-ның Халықаралық сот төрағасын қажетті тағайындау жасауға шақырады. Егер Төраға кез келген Тараптың азаматы болып табылса немесе өзге де міндеттер көрсетілген функцияны орындауға кедергі болса, онда кез келген Тараптың азаматы болып табылмайтын немесе өзге де міндеттер көрсетілген функцияны орындауға кедергі келтірмесе БҰҰ-ның Халықаралық сотының үлкендік реттегі мүшесі қажетті тағайындау жасауға шақыртылуы тиіс.

5. Төрелік сот көпшілік дауыспен өз шешіміне қол жеткізеді. Сот шешімі екі Тарап үшін түпкілікті және міндетті болуы тиіс. Әрбір Тарап өзі тағайындаған мүшелер мен төрелік үдерістегі өзі өкілдігінің шығыстарын өтейді. Екі Тарап та Төрағаның шығыстарын, сондай-ақ басқа да шығыстарды тең үлесте мойнына алады. Сот шығыстарды бөлуге қатысты басқа да шешім қабылдауы мүмкін. Төрелік сот барлық қалған қатынастарда өз тәртібінің рәсімдерін айқындайды.

6. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген дауларға қатысты даулы мәселелер осы Келісімнің ережелеріне және халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттарына сәйкес шешілуі тиіс.

1 1 - б а п

Шығыстар

Тараптар олар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмеген болса, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында көзделген қаражат шегінде жеке көтереді.

1 2 - б а п

Басқа да ережелерді және арнайы міндеттерді қолдану

1. Егер құқықтық қатынастар бір мезгілде осы және Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдермен реттелетін болса, ештеңе Тарапқа да, екінші Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асырылатын оның кез келген инвесторына да оның жағдайы бойынша барынша қолайлы ережелерді өз мүдделеріне пайдалануға кедергі болмауы тиіс.

2. Егер бір Тараптың инвесторларына екінші Тараптың өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына немесе басқа да келісім-шарттардың арнайы талаптарына сәйкес ұсынылатын режим осы Келісімге сәйкес ұсынылатыннан барынша қолайлы болса, онда соңғы Тарап инвесторларына барынша қолайлы режим ұсынылады.

1 3 - б а п

Осы Келісімді қолданушылық

Осы Келісім күшіне енгенге дейін және одан кейін екінші Тарап мемлекетінің аумағында кез келген Тараптың инвесторлары жүзеге асыратын барлық инвестицияларға қолданылады, бірақ осы Келісім күшіне енгенге дейін туындаған және (немесе) реттелген инвестицияларға қатысты кез келген дау немесе талапқа қолданылмауы тиіс.

1 4 - б а п

Жалпы ерекшеліктер

1. Осы Келісімде ештеңе де Тараптардың бірі соғыс немесе әскери қақтығыстар кезінде немесе басқа да халықаралық қатынастарда ең қажетті басқа да жағдайларда өзінің негізгі қауіпсіздік мүддесін қорғау үшін қажетті кез келген әрекеттерді қабылдауға кедергі келтіру ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

2. Тараптың өз бетінше немесе ақталмайтын кемсітушілігін не инвесторлардың жасырын шектеуін білдіретін мұндай шаралар осылайша қолданылмайтын жағдайда осы Келісімде ештеңе де Тараптың жария тәртіпті қолдау үшін қажетті кез келген шараларын қабылдауға кедергі ретінде түсіндірілуі тиіс емес.

3. Осы баптың ережесі осы Келісімнің 7-бабы 1-тармағының (е) тармақшасына қолданылмауы тиіс.

1 5 - б а п

Ашықтығы

1. Әрбір Тарап өзінің заңдарын, ережелерін, рәсімдері мен әкімшілік ұйғарымдарын және жалпы қолданыстағы сот шешімдерін, сондай-ақ реципиент-мемлекет аумағындағы екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына қатысы болуы мүмкін халықаралық келісімдерді дереу жариялауға немесе өзгеше түрде жалпыға қол

жетерлік

етуі

тиіс.

2. Ашылуы құқық қолдануды немесе құпиялықты қорғау құқығына кедергі немесе жекелеген инвесторлардың заңды мүдделеріне зиян келтіруді қоса алғанда, осы Келісімде ештеңе де Тараптардан кез келген құпия немесе меншікті ақпаратты құрайтын қол жеткізуді ұсынуға немесе рұқсат беруді талап етпеуі тиіс.

1 6 - б а п

Консультация

Тараптар кез келген Тараптың өтініші бойынша осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулы мәселе бойынша консультациялар жүргізеді. Консультациялар өткізудің уақыты мен орны дипломатиялық арналар бойынша Тараптардың құзыретті органдарымен келісіледі.

1 7 - б а п

Өзгерістер енгізу, күшіне енуі және қолданысын тоқтату

1. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісім Тараптар күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы дипломатиялық арналар бойынша соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап екінші айдың бірінші күнінен күшіне енеді.

3. Осы Келісім 10 жыл мерзімге жасалады және ол өткен соң автоматты түрде кейінгі ондаған жылдар кезеңіне ұзартылады және бір Тараптың осы Келісімді тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен бастан он екі ай өткенге дейін әрекет етеді.

4. Осы Келісімді тоқтату күніне дейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты ереженің 1-15-баптары осы Келісімнің тоқтатылған күнінен бастап одан әрі ондаған жылдар кезеңіне күшінде қалады.

Осыны растау үшін тиісті түрде оған төменде қол қоюшы уәкілетті адамдар осы келісімге қол қойды.

_____ " ____ " _____ қаласында екі данада әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, барлық мәтіндер тең, дәлме дәл болып табылады. Осы Келісімнің ережелерін әр алуан түсіндіру жағдайында, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

Үкіметі үшін

*Х о р в а т и я
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК